ТОО «Оңтүстік құрылыс компаниясы»
БИН 060140020147
Республика Казахстан, г. Шымкент, Енбекшинский р-н,
ул. Писарева д.17
+7 7252 212181, E:mail ontustik_kurilis@mail.ru

Шығ.№ 103
«10» 06 2019ж. Шымкент қаласы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік ішкі аудит Комитеті

Шағым
Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының
іс әрекетіне дау айту туралы

Ақмола облысы мәдениет, архивтер мен құжаттамалар басқармасының «Әдебиет және өнер музейі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі *(әрі қарай - Ұйымдастырушы)* 2019 жылдың 30 сәуірінде мемлекеттік сатып алу вэб порталы арқылы № 3311295-1 конкурс жарияланған. Лот № 24009195-ОКЗ «Көкшетау қаласы, Әуэзов көшесі 163, Ақмола облысы мәдениет, архивтер мен құжаттамалар басқармасының «Әдебиет және өнер музейі» МКМ ғимаратын жөндеу».

Аталған лотқа «Оңтүстік құрылыс компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі *(әрі қарай – Компания)* өз өтінімін баға ұсынысымен қоса, «Маңғыстауреставрация» арнайы ғылыми-жөндеу өндірістік шеберханасы» ЖШС, «Сарыарқа ЛТД» ЖШС, «Тамерлан ЛТД» ЖШС және «Астана-Кокше» ЖШС баға ұсыныстарын берген болатын.

Ұйымдастырушы 2019 жылдың 4 маусымында №3042005 қорытындылар туралы хаттама жариялаған. Конкурстық комиссияның шешімімен жоғарыда аталған лот бойынша «Сарыарқа ЛТД» ЖШС жеңімпаз болып танылған, екінші орын алған әлеуетті өнім беруші, «Астана-Кокше» ЖШС.

Алайда, Компания жеңімпаздың және конкурсқа қатысушылардың құжаттарын және ұсынған бағаларын зерттей келе, конкурс нәтижелерімен ішінара келіспейді.

Атап айтқанда, жоғарыда лот бойынша «Астана-Кокше» ЖШС-нің ұсынған бағасы 57 220 000 теңге. Бөлінген соммадан 10% асып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының 26- бабын өрескел бұзып отыр.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» № 648 бұйрығының 174-тармағына сәйкес, көрсетілген бағадан он пайыздан астам төмен болған жағдайда, ол демпингтік болып танылатындығы көрсетілген.

Конкурстық комиссия «Астана-Кокше» ЖШС-не демпинг бағасына төмен беруіне байланысты қолданыстыға заңнамаларға сәйкес, шеттету керек болатын. Алайда, Ұйымдастырушы «Астана-Кокше» ЖШС-не артықшылық беріп, қорытындыға шығарған.

Ал, «Сарыарқа ЛТД» ЖШС аталған лотқа вэб-порталы арқылы ұсынылған құжаттарын зерделей келе, жұмыс тәжірибесінің болуы туралы растау ретінде анық емес ақпарат ұсынылған.

«Сарыарқа ЛТД» ЖШС «Біліктілігі туралы мәліметтері» 5 қосымшасы шындыққа жанаспайды. Атап айтқанда, 2 тармағының, 2009 жылы (тамыз) ҚР, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы мекен жайы бойынша 8 бағандағы «Капитальный ремонт 5- этажного общежития ПЛ №1» 2017 жылы (қыркүйек) ҚР, Көкшетау қаласы мекен жайы бойынша 9 бағандағы «Капитальный ремонт спортивного зала Сервисно-технического колледжа №1», 10 бағандағы «Капитальный ремонт 4-х этажного учебного корпуса Сервисно-технического колледжа №1», 22 бағандағы 2009 жылы (шілде, тамыз) ҚР, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Абылайхан даңғылы, 1 «А» мекен жай бойынша «Капитальный ремонт 5- этажного здания общежития ПЛ №11», 23 бағандағы «Капитальный ремонт – устройства крыши 3-х этажного здания учебного корпуса», 24 бағандағы «Капитальный ремонт 3-х этажного здания учебного корпуса ПЛ №11». Аталған нысандардың мемлекеттік сараптамалары шығарылған жылдарымен шындыққа жанаспай, шартты жеңілдік иелену мақсатында, жұмыс тәжірибесін жоғарлатқан.

Бұған қоса, 5 және 14 бағандағы күрделі жөндеу жұмыстары (Капитальный ремонт здании больницы: Прачечная; Капитальный ремонт здании больницы: Морг) 1 пайдалануға қабылдау актісімен қабылданған. Бұл, жұмыс тәжірибесін жоғарлату мақсатында, артық шартты жеңілдікті иеленумен анық емес ақпарат ұсынған.

Осыған орай, әлеуетті өнім беруші Заңның 10-бабы, 1-тармағы, 3)-тармақшасын өрескел бұзып, біліктілік талапатарына сәйкес емес деп конкурстан шеттетілуі керек. Осының салдарынан, Заңның 11-бабы, 1 тармағына сәйкес, әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушылары тізіліміне енгізілуі тиіс.

Сонымен қатар, Ұйымдастырушы «Тамерлан ЛТД» ЖШС жұмыс тәжірибесіне жалпы 7% шартты жеңілдікті артықшылық көрсетіп, қорытындыға шығарған. Алайда, аталған әлеуетті өнім беруші 2016 жылы 11 жұмыс (2 %), 2015 жылы 1 жұмыс (1%) атқарғаны үшін және сапа менеджменті және экологиялық менеджменті сәйкестік сертификаттарына 3% шартты жеңілдік (жалпы 6 %) есептелуі тиіс.

Сондай-ақ, Ұйымдастырушы «Маңғыстауреставрация» арнай ғылыми-жөндеу өндірістік шеберханасы» ЖШС жұмыс тәжірибесіне 2% шартты жеңілдікті артықшылық көрсеткен. Себебі, аталған мекеме жұмыс тәжірибесі тек қалпына келтіру (реставрация) жұмыстарымен ғана шектелген.

«Экспертиза PRO» ЖШС-нің 2017 жылғы 12 қыркүйектегі № ЭPRO-0154/17 сараптамалық қорытындысының 6.2 бөлігіне сәйкес, келесі жұмыс түрлерін орындау қарастырылған: учаскені абаттандыру бойынша - учаске бөлігінің асфальтбетонды жабыны мен қиыршық тас негізін бұзу қарастырылған, қарастырылған 8 ағашты зәкірлеу; қасбеттерді сыртқы әрлеу бойынша - ағаш сандриктер мен пилондарды бөлшектеу, ағаш ойықтарды кірпішпен қалау, карниздің жоғарғы жағы мен жиектерін кірпіш қалау, қабырғаларды сылақтау, проф төсеніштен шатырды, су ағатын құбырлардан бөлшектеу қарастырылған; ішкі жұмыстар терезе тақтайлары бар терезе ойықтарының ағаш толтыруларын бөлшектеу, еден жабындарын бөлшектеу (цемент, тақтай, линолеум және релиннен, керамикалық плиткалардан жасалған) қарастырылған. Төбелердің ағаш беттерін сылауды ағарту, аспалы төбелерді бөлшектеу, кірпіш беттерін сылауды ағарту, гипсокартон қалқаларын бөлшектеу, салынған ойықтарды қалпына келтіру, жеке ойықтарды кірпішпен қалау көзделген, яғни, күрделі жөндеу жұмыстары. Жарияланған лот атауы: Тұрғын емес ғимараттарды/ғимараттарды/үй-жайларды жөндеу бойынша жұмыстар.

Жоғарыда айтылғылардың негізінде сұраймыз:

1. Мемлекеттік сатып алудың ұйымдастырушысы Ақмола облысы мәдениет, архивтер мен құжаттамалар басқармасының «Әдебиет және өнер музейі» мемлекеттік коммуналдық мекемесі 2019 жылдың 4 маусымдағы мемлекеттік сатып алу вэб порталы арқылы № 3311295-1 конкурс нәтижесін қайта қарау мақсатында камералды тексеру жүргізуді;

2. Заңның 11-бабы, 3-тармағына сәйкес, ҚР заңнамасын бұзу бойынша шаралар қабылдауды.

«Оңтүстік құрылыс компаниясы» ЖШС
директоры **Ахметова П.Б.**